


«Бекітемін»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының МКҚК
менгерушісі: А.К.Ажигулова

2024-2025 оқу жылы
«Айгөлек» ересек тобының ерекше білімді
қажет ететін баламен жүргізілетін
«Сөйле балақай»
адаптивтік бағдарламасы

Тәрбиешілер: Едигина А.О.
Абдрахманова М.Х.

2024-2025 оқу жылы

Пікір

Әрбір баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына мектепке дейінгі ұйымның үлкен үлесі бар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс қыр- сыры әлі толық зерттелмеген жана бағыт деуге болады. Сондықтан, оқу қызметінде тек біліктілік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн.

Бағдарламада ойынға көп көңіл бөлінген, себебі ойын балалар үшін қоршаған ортаны танып білудің ең жеңіл де ұтымды тәсіл, ойын барысында балалардың қабілеті қалыптасады, ойы шындалады, қоғамдық тәжірибені меңгереді, ұжымдық қарым- қатынасқа үйренеді.

Бағдарламада берілген ойындар, артикуляциялық жаттығулар мен ертегілер балалардың жас ерекшелігіне шақталып қызықтыратындай жинақталған. Бұл бағдарлама баланың жан- жақты жетілуіне ықпалын тигізеді сөзсіз.

Едигина Айнұр Орынбасарқызы және Абдрахманова Марал Хасеновнаның «Сөйле балақай» бағдарламасы заман талабына сай туындаған бағдарлама, балабақшамызда мүмкіндігі шектеулі балалар назардан тыс қалмаса екен, өз жасына, деңгейіне сай тәрбие мен білім алса- деген мақсатта құрылған.

Қазыргі таңда баланы дамыту мен тәрбиелеудегі оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға негізделіп жасоған бағдарламалар қажет. Бағдарламаға күнтізбелік жоспар, дидактикалық ойындар, ертегілер, артикуляциялық жаттығулар кірістелген. Бағдарлама материалдары, жоспарланған жұмысты баланың шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін, тілдерін дамытуға арналған.

Мақсаты:

Ересектермен және құрдастарымен қарым- қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасын қалыптастыру. Тілдік қарым- қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілге деген қызығушылығын дамытып қалыптастыру және ұлттық ойын элементтерін қолдану арқылы салт- дәстүрді білуге, сүйуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Дыбыстарды дұрыс айту дағдылары мен ауызша сөйлеуін дамыту;
- Сөздік қорларын молайту;
- Коммуникативтік дағдыларын дамытып, ересектермен және балалармен еркін қарым- қатынасын қалыптастыру;

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдында баланың жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде ерекше білімді қажет ететін балаларға айрықша көңіл бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толқынды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі айтылған. Тәрбиенің мақсаты яғни мүмкіндігі шектеулі және өзін қоғамнан адам өмірінен ашық ұстап қалмас үшін олардың тілдерін дамыту және де өмірде өз орнын табуға, өмірге икемді жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру.

Бала- біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол- үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты- баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Еліміздің ертеңі- бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу басты мақсатымыз болғандықтан олардың тәрбиесіне, балабақшадан бастап көңіл бөлген жөн.

Қазіргі таңда баланы дамыту мен тәрбиелеудегі оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға негізделіп жасалған бағдарламалар қажет.

«Сөйле балақай» адаптивтік бағдарламасы:

Балалардың мінез- құлқы тәрбиелеу үшін бағдарламалық тәрбие міндеттеріне, олардың күші мен мүмкіндігімен сәйкестендірілген қолайлы жағдай тудыруға назар аудару қажет. Бағдарлама мазмұны да соған байланыстырылған. Бағдарлама балаларды өз ойларын ашық жеткізуге, алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйретеді.

Бағдарламаға күнтізбелік жоспар, дидактикалық ойындар, ертегілер, артикуляциялық жаттығулар кірістелген. Бағдарлама жоспары баланың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға бағытталған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

№	Тақырыбы:	Міндеті:
1.	«Дыбыстарды дұрыс айтайық -а-ә, о-ө»	Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру,сөздерде дауысты дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.
2.	«Нені қайда қоямыз?»	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, жш, с-з) дыбыстарды айта білу. Байланыстырып сөйлеу: - суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу
3.	«Үйшік» ертегісі	Балалардың ертегіге қызығушылығын арттыру,іс-әрекет арқылы сана-сезімін қалыптастыру,сөздерді дұрыс айтуын қадағалау.
4.	«Суретті есіне сақта»	Көру, есте сақтау және зейінін дамыту.
5.	«Менің сүйікті ойыншығым»	Балаларды топтағы ойыншықтармен таныстыру,ой-өрісін,тіл байлығын дамыту. Ұқыптылыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
6.	«Менің көңілді добым»	Балаларды тақпақты дұрыс тыңдап, түсіне білуге үйрету.Қысқаша тақпақтарды жатқа айтуға баулу,сөздік қорларын байыту.
7.	«Шұбар тауық»	Ертегіні тыңдауға үйрету,сахналауға дағдыландыру,ертегі кейіпкерлердің іс-әрекетін, қимылын,дауысын сала білуге жаттықтыру.
8.	«Сөзді аяқтауға көмектес»	Сурет бойынша сөзді берілген дыбыспен, буынмен аяқта. Қал-та, бал-та, мал-та, ба-та, қа-л, ма-л, ша-л, ба-л
9.	«Киіз үй»	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруға үйрету. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу..
10.	«Үй жануарлары»	Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кенейту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту.
11.	«Біздің көңіл күйіміз»	Балаларды сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрыс айтқызу.
12.	«Не артық?»	Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға,камқор болуға тәрбиелеу.

13.	«Қарап ал да есінесакта»	Балаларды көрген суреттерді есіне сактап,көз алдына елестете отырып әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру
14.	«Әжемнің үйінде қонақта»	Балаларды тәрбиешімен бірге әңгемені косылып айтуға үйрету, сюжетке сай балалардың түсініктерін жетілдіру,адамгершілікке тәрбиелеу.
15.	«Қыстық киімдерді ата»	Балалардың сөздік қорын байыту,киім түрлерін ажырату, атай білуге, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.
16.	«Қыста не болады?»	Сурет бойынша әңгімелесуді жалғастыру,қыс мезгілін сипаттай отырып, сөздік қорын дамыту,сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру.
17.	«Қысқы спорт түрлерін ата»	қыс мезгіліндегі спорт түрлері туралы білімдерін қалыптастыру.
18.	«Қазақ халқының салт -дәстүрлеріне саяхат»	Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт- дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету. Салт- дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.
19	«Жақсы әдет» «Жаман әдет» (аптасына екі рет)	Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды колдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.
20	«Гүлдер» (аптасына екі рет)	Сөйлеуде күнделікті көп колданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді колдану. Колдын ұсак бұлшық еттерін, «көз бен коддын» сенсомоторлық кеністіктік үйлесімділігін дамыту. Сөйлеу тынысын дамыту. Артикуляциялық жаттығу: «Тарақ» «Кеме келе жатыр»
21	«Менің сүйікті ертегім»	Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.
22	«Төлдер қалай дыбыстайды?»	Үй жануарларының төлдерін ажырата ілуге үйрету,төлдердің қалай дыбысталуын қайталату.
23	«Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?»	Көлік туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету.
24	«Суреттердің орнын тап!»	Көктем туралы сурет бойынша әңгіме құрастыру табиғатты аялауға тәрбиелеу.
25	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру ,
26	«Бұны қай кезде киеді?»	Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін ажырата алуы, сөздерді анық айтуға үйрету
27	«Өзім және отбасым»	Суреттер бойынша отбасы мүшелерін атау.

28	«Табиғат құбылыстарын ата»	Жыл мезгілдерін сипаттап, маусымдық ерекшеліктерді айтуға үйрету
29	«Жиһаздар»	Үй жиһаздарын атауға үйретіп, ұқыптылыққа баулу
30	«Менің үйім»	Үй туралы білімдерін қалыптастыру, үй құрылысымен таныстыру. Шарты: үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табады.
31	«Қай аспап жоқ?»	Балалардың зейінін дамыту. Есте сақтау қабілетін арттыру.
32	«Тында да-айт»	Айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажыратып, фонематикалық есту қабілетін дамыту.
33	«Күн түн»	Тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту, күн мен түн тәулік бөліктеріне тән суреттерді жапсырмамен жапсырамыз
34	«Ертегіде қонақта»	Ертегі бойынша әңгімелеуге дайындау. Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға есте сақтауға, таныс ертегілерді сахналауға үйрету, сөздердегі «к» дыбысын анық айтуын қалыптастыру.
35	Көктем келді (сұрақ-жауаптар)	Сұрақ-жауап арқылы тірі және өлі табиғат нысандарына бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге, көктем жыл мезгілімен таныстыру.
36	«Ғажайып қалта»	Қалтадан шықан ойыншақтарды атау арқылы сөздік қорын кеңейту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша ойындар

Дидактикалық ойын: «Төлдер қалай дыбыстайды?»

Міндеті: Үй жануарларының төлдерін ажырата ілуге үйрету. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан төлдердің қалай дыбысталуын қайталау. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.

Шарты: Әр жануардың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталау). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталау) т.б.

«Сүйікті ойыншықтар»

Міндеті Ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету, дыбыс артикуляциясын нақтылап бекіту. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.

Шарты: Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк, шарға ұқсайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау. Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды.

Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым»

Мақсаты: отбасы мүшелерін таниды, қадірлейді.. Ойын шарты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу. Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкен

мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.

Сөйлеуді дамытуға арналған ертегілер

« Шұбар тауық » ертегісі (сахналау)

Мақсаты: Балаларды таныс ертегіні аяғына дейін қызығушылықпен тыңдауға үйрету. Ертегі мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруін, кейіпкерлердің қимылдарын көрсете отырып, ертегінің мазмұнын айтып беруге үйрету.

Ойын құралдары: Қуыршақтар, ойыншықтар.

Ойын барысы:

Автор: Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың Шұбар тауығы болыпты. Бір күні тауық жай емес, алтын жұмыртқа тауыпты. Шал мен кемпір қуаныпты.

Шал: Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді, мүмкін ішінде гауһар тас бар шығар?

Автор: Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып-ұрып сындыра алмапты.

Кемпір: Әкелші мен жарып көрейін.

Автор: Кемпір де жұмыртқаны ұрып-ұрып сындыра алмапты. Тарсылды естіген тышқан інінен шығып, үстелдің үстімен жүгіріп бара жатып, жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп жарылып қалады. Шал мен кемпір жылайды.

Шұбар тауық: Ата,әже жыламаңыздар!Мен сендерге алтын емес жай жұмыртқа тауып беремін.

Автор: Көп кешікпей тауық бір себет ірі де тәтті жұмыртқа тауып береді. Осылайша олар бақытты өмір сүре береді.

« Үйшік » ертегісі (көлеңкелі театр)

Мақсаты: Ертегіні сұрақ-жауап әдісі арқылы еске түсіру. Сұраққа толық жауап бере алуын қалыптастыру. Кейіпкерлер роліне енуге көмектесу. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Ойын құралдары: Көлеңкелі театрдың жабдыктары, ертегі кейіпкерлерінің сұлбасы.

Ойын барысы:

Автор: Алаңда бір үйшік тұр еді. Жертесер тышқан оны көріп қалды.

Тышқан: Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшік?

Автор: Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікке кіріп, сонда тұра бастады. Секіріп бақылдауық бақа келді.

Бақа: Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?

Бақа: Мен - бақылдауық бақамын

Тышқан: Кел, бірге тұрайық

Автор: Екеуі бірге тұра бастады. Секектеп секек қоян келді.

Қоян: Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

Бақа: Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?

Қоян: Мен - секек қоянмын.

Тышқан: Кел, бірге тұрайық

Автор: Олар үшеуі болды. Жүгіріп жылмаң түлкі келді.

Түлкі: Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа және секек қоян, ал сен кімсің?

Түлкі: Мен - жылмаң түлкімін

Қоян: Кел, бірге тұрайық

Автор: Олар төртеу болды. Үйшікке аю келіп, есік қақты.

Аю: Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

Қоян: Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?

Аю: Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып қаласыңдар.

Автор: Қорқып кеткен аңдар үйшіктен қашып шықты. Ал жантайғыш аю үйшіктің үстіне жантая кетіп еді, үйшік қирап қалды. Жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, жантайғыш аю жиналып жаңа үлкен, әдемі үйшік салып, бірге өмір сүрді.

Дыбыстап айту ойындары

Дидактикалық ойын: «Нені қайда қоямыз?»

Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, жш, с-з) дыбыстарды айта білу. Тілдің грамматикалық құрылымы -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу: -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу **Шарты:** Заттарды атай отырып, оларды қай жерге қоятынын айту (мынау- тон, оны шкафқа ілеміз, мынау -жастық оны жатын бөлмесіндегі кереуетке қоямыз, мынау сабын оны қол жуатын бөлмеге қоямыз т.б.).

Дидактикалық ойын: «Менің досым»

Міндеті Балалардың достық қарым-қатынас жайындағы білімдерін кеңейту, «қ»дыбысының дұрыс айтылуын бекіту. Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

Шарты: Суретке байланысты әңгіме құрастыру Тәриеші достық тақырыбы бойынша кезек-кезек балаларға сұрақ қояды.

– Сенің досың кім?

– Сен досыңды жақсы көресің бе?

– Досыңа қалай көмектесесің

Дауыссыз дыбыстармен жұмыс жүргізу кезіндегі ойын әдістері.

«Қарама-қарсы сөзді тап»

Міндеті: Ойыншы допты ұстап алып, сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтырады. Қарама-қарсы сөз айта алмаса, ойыннан шығып отырады. Ойын соңында қалған ойыншы жеңімпаз аталады. Қарама-қарсы сөздер:

Ашы- тәтті

Жақсы- жаман

Қара – ақ

Күн – түн

Қыс –жаз

Жұмсақ – қатты

Биік – аласа

Тар – кең

Жер – аспан	Үлкен – кіші
Кең – тар	Жоғары – төмен
Асты – үсті	Дос- қас
Есте сақтау – ұмытып қалу	Көңілді – көңілсіз
Батыр бала – қорқақ бала	Күн шықты - күн батты
Таң атты – кеш батты	Қайырлы таң! – Қайырлы түн!

«Ән – жыр»

Максаты: Дыбысты дұрыс айтуды бекіту. Тілдік естуді және тілдік белсенділігін, еліктеу бойынша дыбыс тіркесін және дыбыстарды айта білуін дамыту.

Шарты: Тәрбиеші өлеңді оқып ойыншық кейіпкерлерді көрсетеді. Өлең ішіндегі еліктеу сөздерді балаларға қайталатып үйретеді.

Әнші төлдер

Жайылымнан кешкілік

Жамырады бес түлік.

Төңірекке тараған

Төлдер әнін естідік.

«Мә-мә» деген әні бар,

Секіреді ор, жары бар.

Селтендеген лағым

Секіргіш бір жануар.

«Мәә-мәә» деген әні бар,

Жібек тоны - сәні бар.

Қошаканым момақан,

Сүйкімді бір жануар.

«Бөө-бөө» деген әні бар,

Енесін тез сағынар.

Жібек жүнді ботақан,

Мөлдір көзді жануар.

«Мөө-мөө» деген әні бар,

Үй маңынан табылар.

Ойқастаған бұзауым,

Ойнақтағыш жануар.

«Күмбірлеген» әні бар,

Желкілдеген жалы бар,

Желдей өсіп құлыншақ,

Желмен шапқан жануар.

Әдібай Табылдиев

Өлең соңында балалардан қай жануар қалай дыбыстайтынын сұрап, пысықтау.

"Артикуляциялық жаттығулар"

«Күрекше». Тіл босаңсытылады, жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек.

«Ер - ер – ер»

Қасиетті жер.

Төгілді көп тер.

Жемістерді тер.

Аға соңынан ер.

Сұрағанын бер.

«Чашечка» «Шәшке». Ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де, шәшке формасы беріледі. Тілдің шеттері тіске тимейді.

Нек – нек – нек

Шай қайнайтын шәйнек

Се – се – се-

Шай ішетін кесе

«Инеше» - ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10 - 15 секунд ұстап тұру керек.

«Ақ - ақ – ақ»

Астында болсын так!

Алла болсын жақ!

Басыңа қонсын бақ!

Атам маған жақ.

«Горка» «Төбешік» «Төбешік» – аузыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.

«Аз - аз – аз»

Құдықты қаз.

Қанкылдайды қаз.

Келіп қалды жаз.

Болып қапты жаз.

Атаңа хат жаз.

«Трубочка» «Түтікше». Тіл ауыздан шығарылады да, түтікше түріне енгізіледі. Жаттығуларды алдымен жайлап, айна алдында жасалады, сонан соң біртіндеп жоғарырақ ыргаққа көшу керек. Әрбір жаттығу 10 секундтан 6 - 8 рет орындалады.

Ыс – ыс – ыс,

Келіп жетті қыс.

Ар – ар – ар,

Жауады қар.

«Ат шауып келеді» «Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады

Гай – гай – гай,

Жаркылдайды найзағай.

Шек – шек – шек,

Шығады бәйшешек.

«Грибок» «Саңырауқұлақ» «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

Аз – аз – аз,

Жайдары жаз.

Үн – үн – үн

Ыстық күн

Күтілетін нәтижелер:

- Баланың тыңдалым, айтылым, тілдесім әрекеттерін қалыптастырады.
- Бала ойындарының мазмұны келесідей кезектілікпен дамиды.
- Дидактикалық ой-өрісті кеңейеді
- Дамытушылық назарды, есте сақтауды, сөйлеуді, ойлауды, көз алдына елестетуді, қиялды, шығармашылық идеяны, заңдылықтарды орнату, оңтайлы шешімді табу қабілетін дамиды.
- Тәрбиеленушінің мінез-құлық, эстетикалық және дүниетанымдық позицияларын қалыптастасады.

Пайдаланған әдебиет:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.
- 2.Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы.
- 3.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
- 4.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09.09. № 394 бұйрығына 1-қосымша
- 5.Интернет ресурс